

№5 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді

«Сарат мектеп-бөбекжай- балабақша кешені» КММ

2025 жыл "23" мамыр

Төрағасы – Қайдақова Жанар Бекболатқызы

Хатшы – Кенжебаева Шынар Түлкібайқызы

Қатысқандар: 26 адам

Күн тәртібі:

- 1) Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу туралы.

Тыңдалды: Мектеп басшысы Ж.Б.Қайдақова: 2025 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының «Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау» 59- бабы негізінде мектеп мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. Мемлекеттік аттестаттау алдында өзін-өзі бағалау жүргізілуі тиіс. Сол себепті ағымдағы жылдың 1-30 маусым аралығында өзін-өзі бағалау жүргізіледі. Бағаланатын кезеңдер 2022- 2023, 2023-2024 және ағымдағы 2024-2025 оқу жылы болып саналады. Өзін-өзі бағалау кезінде барлықтарыңыз үлкен жауапкершілік танытып, ұйымшылдықпен процеске қатысуларыңызды сұраймын. Өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін комиссия құрамын бекітуіміз керек.

Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.А.Умбетова: Комиссия құрамына өзімді, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлар А.Б.Амангелдиева және Р.М.Жаңабаев, бастауыш мұғалімі Ж.Меңдіболатқызы және математика пәні мұғалімі С.М.Кожажулова, шаруашылық жөніндегі меңгеруші А.Асанбаеваны ұсынамын.

Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.А.Умбетова: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен» таныстырды.

Шешім: 1-30.06.2025ж аралығында мектептің білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:
Педагогикалық кеңес хатшысы:



Ж.Б.Қайдақова
Ш.Т.Кенжебаева